

Зауытта қара жұмыс жоқ

Мектеп оқушылары қаламыздағы ірі кәсіпорындарға саяхатқа шыға бастады. Бұл бастаманы «Қайнар» білім беру және бос уақытты қамту көшені басшылығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асыруда.

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Оралхан ҚОЖАНОВ



Алғашқылардың қатарында №4 мектептің 9 және 11-сынып оқушылары теміржол білігі мен дөңгелек жұбын шығаратын «R.W.S. Wheelset» зауытының жұмысымен танысты. Техникалық мамандықтың қыр-сырына қанықсын деген мақсатпен жоғары сыныптың оқушылары таңдалыпты. Кәсіпорын директоры Александр Слободов зауыттың құрылған кезеңінен бастап қазіргі жағдайына дейін қысқаша тоқталып өтті.

- 2012 жылы Елбасы телекөпір арқылы зауытты іске қосты. Бұған дейін бұл ғимарат қаңырап бос жатқан еді. Аз уақыттың ішінде күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңа қондырғылар сатып алынды. Жоба құны – 12 миллиард теңге. Мұндай зауыттар ТМД бойынша саусақпен санарлық. Бүгінде мұнда 200 адам еңбек етеді. Жұмыскерлердің орташа жасы 30-ды құрап отыр. Бізге білікті мамандар ауадай қажет. Сондықтан да оқушыларға техникалық мамандықтарды таңдауға кеңес беремін. Іскерлігімен көзге түскендерге материалдық көмек көрсетеміз. Біліктілігін арттыру үшін

оқуға жіберіп тұрамыз. Қара жұмыс істейміз деп алаңдаудың қажеті жоқ. Зауыттағы қондырғылар толығымен автоматтандырылған, - дейді директор.

Оқушылар теміржол білігі мен дөңгелек жұбын дайындау барысын тамашалай алды. Мұндағы біліктің ұзындығы - 2 метр 216 сантиметр, дөңгелектің диаметрі - 957 миллиметр, бір дөңгелектің салмағы - 400 келі, жалпы дайын өнімнің салмағы 1,5 тоннаны құрайды. Зауыттың өнімі жүк вагондарына арналған. Жылына 20 мың дөңгелек жұбы мен 42 мың теміржол білігі өндірілуде. Өнімнің 80 пайызы ішкі нарықта пайдаланылса, 20 пайызы ТМД елдеріне экспортталуда.

Бұл теміржол саласы бағытында жұмыс істейтін Екібастұзда іске қосылған төртінші зауыт екенін атап өткен жөн. Бұған дейін «R.W.S. Concrete», «Проммашкомплект» және Қазақстан вагон жасау компаниясы сапалы өнімдерімен таныла бастаған еді. Осылайша, аз ғана уақыт ішінде Екібастұз еліміздегі теміржол кластері дамыған орталықтардың біріне айналып шыға келді.

Суретті түсірген: Р.ЕГІНБАЙҰЛЫ